

«Қарағанды қаласы Әкімет басқармасы» ЖМ
 2018 ж. 27.09
 ЗАНДЫ ТҮЛГЕАҒА
 мемлекеттік қайта тіркеу жүйесінде
 № 381-1930-07-АҚ
 БСН 101040010783
 Алғашқы тіркелген күні 19.10.2010



«Қарағанды облысының өнеркәсіп және
 индустриалық-инновациялық даму
 басқармасы»
 мемлекеттік мекемесінің
 2018 жылғы «18» 09
 № 52 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАРСЫЗ
 ЖАРАМСЫЗ**

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
 «КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
 ҚОҒАМЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
 ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАЛЫҚ
 ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
 ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
 20 20 ж. 11.11
 БСН 101040010783
 № 381-1930-07-АҚ
 Бастапқы тіркелген күні
 20 20 ж. 19.10

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік
 корпорациясы» акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Қарағанды қаласы, 2018 жыл

**СМОТРИТЕ
 НА ОБОРОТЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, өкілеттіктерін және қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

– мемлекеттік тілде: «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

– орыс тілінде: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Сарыарқа».

3. Қысқартылған атауы:

– мемлекеттік тілде: «Сарыарқа» ӘКК» АҚ;

– орыс тілінде: АО «СПК «Сарыарқа».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 4 үй.

2. Қоғамның заңдық мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болып, жүзеге асыра алады, міндеттерді атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

6. Қоғамның мөрі, өз атауы бар бланкілері және өз қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге де деректемелері болады.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны, сондай-ақ корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен филиалдар, өкілдіктер, басқа оқшау құрылымдық бөлімдер құруға құқылы.

3. Қоғам мен жалғыз акционердің жауапкершілігі

10. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

11. Қоғам өз Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олар өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шағындарға тәуекел етеді.

12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

13. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік мүлікті басқару аясында мемлекеттің саясатын жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

4. Қоғам қызметінің мақсаттары мен түрлері

14. Қоғамның негізгі мақсаты мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру, өңірлерді әлеуметтік дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ пайдалы қазбаларды, оның ішінде мынандай пайдалы қазбаларды: газды (көмір қабаттарынан өндірілетін метаннан басқа), мұнайды, уранды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлау,

өндіру, қайта өңдеуге жолымен Қарағанды облысын экономикалық дамуға жәрдемдесу болып белгіленсін.

15. Қоғам қызметтің негізгі түрі холдингтік компанияларының қызметі болып табылады.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тиым салынбайтын басқа да қызметі жүзеге асыруға құқылы.

Егерде қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат (лицензия, сертификат) немесе жолдама сәйкестендірілген хабарлама қажет болған жағдайда, онда Қоғам осы қызмет түрін арнайы рұқсат (лицензия, сертификат) немесе жолдама сәйкестендірілген хабарлама алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

Қоғам өзінің құрылу мақсатына қайшы келмейтін өзге де қызмет түрімен айналысуға құқығы бар.

5. Қоғамның мүлкі мен капиталы

16. Қоғамның мүлкі:

1) акционерлердің Қоғамның акцияларын төлеуге берген мүлкі;

2) өзінің қызметі нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздемелер бойынша сатып алынған өзге де мүлік есебінен қалыптастырылады.

17. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың нақтылы құны бойынша және инвесторлардың осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

Қоғамның жарғылық капиталының ұлғаюы Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

6. Қоғамның бағалы қағаздары

18. Қоғам жай акцияларды шығарады. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының құнды қағаздар туралы заңнамасында белгіленеді.

19. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді.

20. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді Қоғамның тіркеушісі өзімен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.

Қоғамның сатып алған өз акциялары туралы мәліметтер бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесіне міндетті түрде енгізілуге жатады.

Акцияларды иелену құқығын растайтын құжаттарға акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен алынған үзінді көшірмелер жатады.

21. Қоғам өзі орналастырылған акцияларды тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

22. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

23. Қоғам жалғыз акционерге орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

7. Қоғамды қаржыландыру және оның табысы

24. Қоғамның таза табысы жалғыз акционердің шешімінде айқындалған тәртіп және мерзімнен бөлінеді.

25. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін, Қоғам жалғыз акционерге дивиденд төлеу жылына бір рет жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша дивиденд есептеу және төлеу туралы шешімдерді жалғыз акционер қабылдайды. Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері жалғыз акционермен анықталады.

26. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім

қабылданған жағдайда ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі. Дивидендтер тек төленген акцияларға ғана есептеледі.

27. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы мен ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сүйеніп есептелетін өсімпұл төленеді.

8. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

28. Қоғамның жалғыз акционерінің:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, Жалғыз акционерде және осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дауласуға;

5-1) Заңның көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

6) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты, Қоғамның сұрақтары бойынша басқа да органдардың кез кезген шешімдерін жою, жаңа шешім қабылдау;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап сауалда белгіленген мерзім ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар;

10) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес жалғыз акционердің қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

11) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтар.

29. Қоғамның жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) жалғыз акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

9. Қоғамның органдары

30. Қоғам органдары:

- 1) жоғары орган – жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

10. Қоғамның құзыреті жалғыз құрылтайшысы

31. Қоғамның жоғарғы органы жалғыз акционер болып табылады.
32. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
 - 6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 8) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 10) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 15) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;
 - 16) Қоғам акцияларды заңмен сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін, сондай-ақ оған өзгерістерді бекіту;
 - 17) жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
 - 18) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

19) олар бойынша шешімдер қабылдау Заңда және Қоғам Жарғысында жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

33. Қоғамның ішкі қызметіне қатысты сұрақтары бойынша қоғамның басқа органдардың кез келген шешімдерін жалғыз акционер жоюға құқылы.

34. Жалғыз акционерлердің қарастырылатын сұрақтарды әзірлеу мен өткізуді:

- 1) Басқарма;
- 2) Директорлар кеңесі;
- 3) Тарату комиссиясы жүзеге асырады.

35. Басқарма Қоғамның барлық қызметінің мерзім ағымындағы жалғыз акционердің шешімінің көшірмесін сақталуын қамтамасыз етілуі керек.

11. Директорлар кеңесі

36. Заңда және осы Жарғыда жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

37. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайыз қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайыз болатын шамаға көбейту;

17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) Қоғам жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның жалғыз акционердің мақұлдауына және қарауына бастапқы мәселелерді шығару;

20) Қоғамның бюджетін, сондай-ақ оған түзетулерді бекіту;

21) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелер қызметінің өзекті көрсеткіштерін бекіту;

22) Қоғамның орталық аппаратының, филиалдардың және өкілдіктердің қызметкерлер (жалпы сан құрамы) штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;

23) Қоғам қызметкерлерге еңбекақы төлеу схемасын қоса еңбекақы төлеу қағидасын бекіту

24) Әкімшілік аппараты орналасу үшін алаң нормасы және қызметтік жеңіл автокөліктердің тиесілік нормаларын бекіту;

25) Қоғам қызметтік іссапарға бағыттылған қызметкерлерге шығындарды төлеу тәртібі мен шартын айқындау;

26) Жалғыз акционердің шешімі бойыншы қызметкерлерге ұялы байланысты қолдануға құқығын беру, өкілдік шығандар мен басқа да лимиттерге Қоғамның қаражат есебінен шығындарды төлу лимиттерін айқындау;

27) Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген, жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

38. Төрағадан басқа Қоғамның Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері және Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

39. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

40. Директорлар кеңесін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан да астам процентін құрайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін сұрақты Директорлар кеңесі жалғыз акционердің қарастыруына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері жалғыз акционердің берілген сұрақты қарастыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

41. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады.

42. Директорлар кеңесінің шешімдері, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының дауысы немесе директорлар кеңесінің отырысында төраға етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

43. Мынадай тұлғалар:

1) жоғары білімі жоқ;

2) заңда белгіленген тәртіппен жабылмаған немесе алынбаған соттылығы бар;

3) осы адам басшы болған уақытта заңды тұлғаны банкрот деп тану немесе консервациялау, санациялау, мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болғанда адам. Бұл шектеу банкроттық, консервациялау, санациялау, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

44. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлға;

2) басқа тұлғалар (осы Жарғының 44-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

45. Қоғамның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар осы Жарғы және Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында белгіленеді.

Директорлар кеңесінің мүшесінің кандидаттары Қоғамның және жалғыз акционер мүдделерінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысты ұйымдастыру және олардың міндеттерін орындау үшін салалық және іскерлік ортада позитивтік және біліктілік жетістіктеріне, біліміне, еңбек тәжірибесіне сай болу қажет.

46. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адаммен шартқа Қоғам атынан Басқарма төрағасы, не жалғыз акционер уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған және мемлекеттік қызметші болып табылатын адаммен шарт жасалмайды.

47. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың қайта сайлануына шек қойылмауы керек. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізу кезінде аяқталады.

48. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

49. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау жалғыз акционер мен жүзеге асырылады. Бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

50. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

51. Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

52. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қоғам Жарғысында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

53. Директорлар кеңесінің төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

54. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері:

1) Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға;

2) Жалғыз акционердің қарастыруға шығаратын сұрақтармен күн тәртібін толықтыруға;

3) Қоғамның лауазымды тұлғаларынан кез келген ақпаратты алуға және қажетті жағдайда өз отырыстарында Директорлар кеңесін қызықтыратын мәселелер бойынша Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тыңдауға құқылы.

55. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Қоғам мен оның жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдалануға;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға әрі оны Қоғам Жарғысына және Қоғамның жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептіліктің тұтастығын қамтамасыз етуге;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылауға;

5) Қоғам қызметінің мәселелері жөнінде коммерциялық құпияны жария етпеу, ақпараттың құпиялылығы туралы заңнаманың талаптарын сақтауға;

5-1) хабардарлық, ашықтық негізінде, қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

5-2) Жалғыз акционерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

56. Директорлар кеңесі жыл сайын Жалғыз акционерге өз қызметі туралы есеп береді. Директорлар кеңесінің әр мүшесінің жұмысы оның қызметі туралы жылдық есепке сәйкес бағаланады, ол есепте мынадай ақпарат:

1) Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша көтерілген мәселелер туралы, оларды іске асыру және қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтер;

2) Қоғамның қызметін жетілдіру жөнінде қорытындылар мен ұсыныстар;

3) Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың саны (қатысу статистикасы) болуға тиіс.

57. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) Қоғамға келтірген зиян үшін Қоғам алдында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді. Бұл ретте Қоғамның залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшелері жауапкершіліктен босатылады.

58. Директорлар кеңесінің мүшесі өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің тиісті мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш білдіруге құқылы.

59. Директорлар кеңесі жекелеген мәселелерді тиімді қарауды мақсатында Директорлар кеңесі мамандандырылған комитеттер құра алады. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру кезінде неғұрлым айқындылық пен есептілік мақсатында олардың өкілеттіктері, құрамы және жұмыс рәсімдері Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында егжей-тегжейлі айқындалуға және ашылуға тиіс.

60. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

61. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру тәртібі және олардың функциялары, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін олардың ережелерінде белгіленеді.

62. Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету Қоғамның Басқармасына жүктеледі.

63. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің өз қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тамақтану) Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу ережесінде айқындалған тәртіппен өтеледі.

64. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы да Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу ережесіне сәйкес төленеді.

65. Тәуелсіз директор болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесіне шығыстар өтелмейді, ал сыйақы төленбейді.

12. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

66. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;

3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

67. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

68. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Бастамашыға Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тарту туралы Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты алған сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде хабарлануға тиіс. Бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тарту себептерін көрсете отырып Директорлар кеңесі төрағасының жазған хаты бас тарту болып танылады. Көрсетілген мерзімде жазбаша хабарламаның болмауы Директорлар кеңесінің төрағасы шақыру туралы ұсынылған талапқа сәйкес Директорлар кеңесінің отырысын шақырғандығын білдіреді.

69. Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің отырысын шақыру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

70. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

71. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

72. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметі;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым (келісім бойынша);
- 4) Қоғамның жалғыз акционері;
- 5) Қоғамның Басқармасы әзірлейді,
(бұдан әрі – шақыру бастамашылары).

73. Күн тәртібі шешім жобасымен ұсынылады, онда мыналар:

1) мәселенің қысқаша мәнін көрсететін Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселенің атауы;

2) шешім қабылдау мақсатына және олардың негізінде немесе оларды іске асыру үшін қабылданатын шешімнің заңнаманың және/немесе шарттың және/немесе Қоғам Жарғысының нормаларына нұсқаулары бар шешімнің кіріспесі;

3) мәселе бойынша шешім (Мысалы: бекітілсін..., назарға алынсын..., сайлансын..., айқындалсын... және т.с.с.);

4) егер қабылданған шешім бір реттік сипаттағы қосымша шараларды қолдану қажеттілігіне әкеп соқтырса, қабылданған шешімнен туындайтын шараларды қолдану жөнінде Басқармаға тапсырма;

5) қабылданған шешімді қолданысқа енгізу мерзімі болуға тиіс.

74. Директорлар кеңесінің күн тәртібіне мыналарды:

1) егер шешім мұндай бекітуді талап етсе, бекітілетін құжатты;

2) шешім қабылдау қажеттілігін негіздейтін шақыру бастамашысы немесе оның уәкілетті өкілі қол қойған екі парақтан аспайтын түсіндірме жазбаны міндетті түрде қамтуы тиіс күн тәртібіндегі мәселе бойынша материалдар қоса берілуге тиіс.

75. Шешімнің жобасына байланысты материалдар ақпараттық хабарды, талдамалық және маркетингтік зерттеулерді, кандидаттардың мінездемелерін, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерімен бірге шарттардың жобаларын және қаралуы негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік туғызатын басқа да құжаттарды қамти алады.

76. Шешімнің жобасы Директорлар кеңесінің Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген құзыретінің мәселелері бойынша ғана шешім қабылдауын көздеуге тиіс.

77. Директорлар кеңесінің қарауына жалғыз акционерлер немесе Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын шығаруға жол берілмейді.

78. Директорлар кеңесінің төрағасын және Басқарманы қоспағанда, шақыру бастамашылары шақыруды талап ету құқығын іске асырған кезде осы Жарғының 77-тармағында көзделген салдарды секере отырып күн тәртібіне шешімнің жобасын және күн тәртібіндегі мәселе бойынша материалдарды қоса бермеуге құқылы.

79. Егер шақыру бастамашысының ұсынған күн тәртібінде Директорлар кеңесі шешімінің жобасы және күн тәртібіндегі мәселе бойынша материалдар болмаған жағдайда, отырыс шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімге кейінге қалдырылады.

80. Басқарманың Директорлар кеңесінің отырысын шақыруы Басқарма хаттамасымен ресімделеді, оны тұрақты негізде әрекет ететін Басқарма хатшысы дайындайды.

81. Директорлар кеңесінің отырыстарына Қоғам Басқармасының мүшелері және басқа да шақыртылған адамдар қатыса алады.

82. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға және Корпоративтік хатшыға алдын ала хабарлауға міндетті.

83. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

84. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

85. Директорлар кеңесінің отырысында мынадай дауыс беру нысандары қолданылады:

- 1) қатысып;
- 2) сырттай;
- 3) аралас.

Бұл ретте дауыс беру нысаны Директорлар кеңесінің тиісті отырысын шақыру туралы шешімде айқындалады.

86. Қатысып, сырттай (оның ішінде аралас) дауыс беруді өткізген кезде дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және дауыс беруге шығарылған мәселе (мәселелер) бойынша материалдарды Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне қағаз және электрондық тасығыштарда дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік бес күннің ішінде және Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күніне дейін күнтізбелік бес күнінің кешіктірмей жібереді (таратады).

87. Бюллетеньде:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) отырысты өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- 4) дауыс беруге шығарылған нақты және бір жақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер);
- 5) Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруі үшін дауыстар есептелетін күн;
- 6) дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 7) бюллетеньді толтыру тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай шешімдері Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып жазбаша түрде ресімделеді.

88. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс. Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп саналады.

89. Директорлар кеңесінде дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге тыйым салынады.

90. Директорлар кеңесінің мүшесі толтырылған бюллетеньдерді сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде белгіленген мерзімде Корпоративтік хатшыға тапсырады.

91. Дауыстарды есептеу кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

92. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

93. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюға тиіс.

94. Бұл ретте сырттай отырыстың шешіміне сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған Директорлар кеңесі мүшелерінің бірге тігілген бюллетеньдері қоса тіркеледі.

95. Төраға Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне оны алған сәттен бастап күнтізбелік бес күннің ішінде қол қоюға міндетті.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне қол қоядан бас тартқан жағдайда қол қою үшін шешімді алған сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде ол өзінің бас тартуы туралы Корпоративтік хатшыға жазбаша хабарлауға міндетті. Бұл ретте Директорлар кеңесінің төрағасы өзінің бас тарту себептерін баяндауға міндетті.

96. Директорлар кеңесінің төрағасы мақсатсыз немесе қабылданған шешіммен келіспейтін себептер бойынша Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне қол қоюдан бас тартуға құқығы жоқ.

97. Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма күн) ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.

98. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған сырттай (оның ішінде аралас) дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, Қоғамның мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

99. Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа келе алмаған жағдайда ол дауыс беруге арналған бюллетеньді беру арқылы алдын ала танысқан, дауыс беруге шығарылатын шешімнің жобасына қатысты «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен жазбаша нысанда өз еркін білдіре алады.

100. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің аралас дауыс беру пайдаланылатын отырысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені кворумды анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

101. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Корпоративтік хатшы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы, оның ішінде отырысқа сырттай дауыс беру (аралас дауыс беру) жолымен қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және директорлар кеңесінің әр мүшесінің директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

102. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Қоғамда сақталады.

103. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы шақыру бастамашысына бір мезгілде хабарлануға тиіс.

13. Қоғамның Басқармасы

104. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма Заңда, Қоғамның Жарғысында, Қоғамның басқа органдары және лауазымды тұлғаларының айрықша құзіретіне жатпайтын кез келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

105. Құзыреті Басқармаға келесі сұрақтар бойынша қабылдаған шешімдер кіреді:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесі және жалғыз акционердің шешімін орындау;
- 2) Директорлар кеңесіне қарастырылуға шығаратын бастапқы мақұлданған сұрақтар;
- 3) Қоғамның даму жоспарын әзірлеу және оны Директорлар кеңесіне бекітуге шығару;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында орнатылған Қоғамның даму жоспарын орындалуы туралы есебін дайындау белгіленген үлгілері және мерзімдері бойынша әзірлеу;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің және жалғыз акционердің құзыретіне жатпайтын ішкі құжаттарын бекіту;
- 6) Қоғамның жалғыз акционерлермен бастапқы келісім бойынша Қоғамның медиа-жоспарын бекіту;
- 7) Статистикалық есепті қалыптастыру;
- 8) Қоғамның даму жоспарын орындау, оның ішінде өзекті көрсеткішті тиімді орындау;

9) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне қатысты сұрақтарынан шығару, Акционерлердің жалпы жиналысының—занды тұлғалардың (қатысушы) құзыретіне қатысты, қайсысы Қоғамға жататын он пайыздан аз акциясы (жарғы капиталынан қатысу үлесі) қызмет сұрақтары бойынша шешім қабылдайды;

10) нәтижесінде құны қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешімді қабылдау.

11) Осы Жарғы мерзімі мен Занда орнатылған тәртіппен жалғыз акционерге бекітуге және Директорлар кеңесіне қарастыруға жылдық қаржылық есепті дайындау және ұсыну;

12) Қоғамның таза табысын бөлу сұрақтары бойынша Директор кеңесіне ұсыну, және оны мақсатты пайдалану;

13) бухгалтерлік есеп жүргізу ұйымы бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз ету;

14) ішкі бақылау және қауіп-қатермен басқару жүйесі тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ету;

15) егерде Директорлар кеңесінің мүшесі және жалғыз акционер сұранысында басқа мерзім қойылмаса, Директорлар кеңесінің мүшесі және (немесе) жалғыз акционер жазбаша сұранысы 10 (он) жұмыс күндерінің мерзімінен кешіктірмей Қоғам қызметі туралы соның ішінде құпиялық сипаты бар ақпараттарды ұсыну;

16) Қоғамның лауазымдық тұлға және құзыретті басқа органдарға осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнама актілерге, Заңға қатысты емес өзге де сұрақтар.

106. Басқарма оның Төрағасынан және Басқарма мүшелерінен тұрады.

Басқарма жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам егер, мәмілелер жасау сәтінде тараптар мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып, оның атқарушы органы жасаған мәмілелердің жарамдылығына дауласуға құқылы.

107. Қоғам Басқарма мүшелерінен басқа тұлғаға, соның ішінде басқа Қоғам Басқарма мүшесіне дауыс беру құқығы рұқсат етілмейді.

108. Басқарма төрағасы Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, соның ішінде:

1) жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінде шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді және Корпоративтік хатшыны қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

